



**БҰЙРЫҚ**

*2019 г. 1 сәуір*

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *140*

город Астана

**2019 жылы Қазақстан  
Республикасының жалпы орта  
білім беру ұйымдарында оқу  
жетістіктерін сырттай бағалауды  
өткізу туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – орта білім беру ұйымдары) оқу жетістіктерін сырттай бағалау (бұдан әрі - ОЖСБ) 2019 жылғы 17-26 сәуір аралығында өткізілсін.

2. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес орта білім беру ұйымдарында ОЖСБ-ны өткізу үшін оқу орындарының тізімі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес орта білім беру ұйымдарында ОЖСБ-ны өткізу үшін пәндердің тізімі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес орта білім беру ұйымдарында ОЖСБ-ны өткізу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) өкілдерінің тізімі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес орта білім беру ұйымдарында ОЖСБ-ны өткізу үшін Министрлік программистерінің тізімі анықталсын.

3. Министрлік өкілдері:

1) орта білім беру ұйымдарында ОЖСБ-ны ұйымдастыру және өткізу бойынша басшылық пен бақылауды жүзеге асырсын;

2) орта білім беру ұйымдарында ОЖСБ-ны белгіленген тәртіппен өткізуді қамтамасыз етсін;

3) 2019 жылғы 30 сәуірге дейін орта білім беру ұйымдарында ОЖСБ-ны өткізу қорытындылары туралы есепті Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне (бұдан әрі – Комитет) ұсынсын.

4. «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (Р.С. Әлімқұлов).

1) Министрлік өкілдерінің іссапар шығыстарын 099 «Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету» республикалық бюджеттік бағдарламасының шеңберінде төлеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықта белгіленген мерзімде ОЖСБ рәсімдерін ұйымдастыру-технологиялық алып жүруді қамтамасыз етсін;

3) ОЖСБ-ның өңделген нәтижелерін 2019 жылғы 10 мамырға дейін, ОЖСБ-ны өткізу қорытындыларына жасалған талдауды 2019 жылғы 10 маусымға дейін Комитетке ұсынсын.

5. Облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары (келісім бойынша) ОЖСБ рәсімдерін өткізуді ұйымдастыруды: оқушылардың деректер қорын қалыптастыруды, аудиторлық қорын қалыптастыруды, компьютерлік тестілеуді өткізу үшін техникамен қамтамасыз етуді, оқушыларды аудиторияға кіргізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

6. Комитеттің аумақтық білім саласындағы бақылау департаменттері орта білім беру ұйымдарында ОЖСБ-ның сапалы өткізілуін бақылауды қамтамасыз етсін:

1) ОЖСБ рәсімдері бойынша Министрлік өкілдері мен программистері үшін нұсқама жүргізісін;

2) 2019 жылғы 17 сәуірге дейін Министрлік өкілдерін ОЖСБ-ны өткізу пункттеріне бөлуді ұйымдастырсын және бекітсін;

3) Министрлік өкілдерін орта білім беру ұйымдарындағы ОЖСБ-ны өткізу пункттеріне жіберуді ұйымдастырсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасының міндетін атқарушы Ғ.С. Жұмашевқа жүктелсін.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі



*Шамшидова*

К. Шәмшидинова